

## Тұрғындарға нұсқама «КВИ-ға қарсы екпені қалай алуға болады?»



1

Коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинаны тіркелген жері бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымында алуға болады және ол екі кезеңмен 21 күндік айырмашылықпен жасалады;

2

Жеке басты куәландыратын құжатымен «өз емханасына» дәрігердің шақыруымен келуі жеткілікті;

3

Емханадағы тіркеу орнында вакцинация жүргізілетін кабинеттің нөмірін анықтаңыз. Жалпы, емханаға кірерде вакцинация жүргізілетін ем-шара бөлмелері белгіленген;

4

Екпе алмас бұрын пациент міндетті медициналық тексеруден өту тиіс. Оған коронавирусқа қарсы вакцина алу бойынша алгоритм түсіндіріледі;

5

Дәрігер шағымдар мен анамнездерді, тексеруді, сауалнаманы толтыру, мәліметтерді ақпараттық жүйеге енгізу және вакцинацияға жолдама беру, вакцинадан кейінгі ықтимал асқынулар туралы ақпарат беріп, хабардар ету тиісті. Өз еркімен келгені жөнінде келісім алады. Вакцинацияға қарсы көрсеткіштер анықталған жағдайда, науқасқа екпе салдырмайтыны туралы анықтама беріледі;



## Тұрғындарға нұсқама «КВИ-ға қарсы екпені қалай алуға болады?»



- 6 Орта медициналық қызметкер кезекпен ем-шара бөлмесіне шақырады;
- 7 Екпе салдырмас бұрын егу кабинетінің медбикесі ақпараттық жүйеде вакцинацияға жолдама іздейді, (егер денсаулық жағдайы нашарласа, жедел медициналық көмек көрсетеді, дәрігерді шақырады);
- 8 Вакцинациядан кейін медицина қызметкері пациентке «КВИ-ға қарсы вакцина салынды» Медициналық бақылау уақыты 30 минут ішінде» жазуы бар бейж таратады. Оған қоса, медициналық қызметкердің қадағалауымен емхананың күту залында 30 минут міндетті түрде болу туралы айтады;
- 9 Пациент күту залында 30 минут бақылауда болады;
- 10 30 минуттан кейін медицина қызметкері науқастың жағдайын бағалайды. Шағымдар болмаған жағдайда, үйіне баруға рұқсат етіледі; Осыдан кейін медициналық қызметкер бейжді егу кабинетінің медбикесіне және вакцинацияның аяқталуы туралы ақпаратты ақпараттық жүйеге енгізу үшін тапсырады.




## Тұрғындарға нұсқама «КВИ-ға қарсы екпені қалай алуға болады?»




· Учаскілік дәрігер 3 күн ішінде науқасты қашықтықтан бақылайды. (телефон немесе бейне қоңырау арқылы).

· Медбике пациентті алдын-ала вакцинаның екінші дозасын алу үшін 21 күніне шақырады. 21-ші күні пациент вакцинаның 2-ші дозасын алуға келеді.

· Сұрақтар мен сауалдар пайда болған жағдайда АМСК ұйымдарында арнайы ұйымдастырылған кол-орталығына хабарласуға болады. Телефон нөмірлері Қалалық денсаулық сақтау басқармасының [www.uoz.astana.kz](http://www.uoz.astana.kz) және емханалар сайтында жарияланады.



# Иммундау алдында:



1. Екпе алатын адамға профилактикалық егу, ықтимал реакциялар, сондай-ақ вакцинациядан бас тартудың салдары туралы толық ақпарат беріледі;

2. Ерікті келісім немесе бас тарту жазбаша түрде жазылады

3. Вакцинацияға шолу жасалады

*Әйел адамдарға вакцинация жүргізбес бұрын оның жүктілігін және бала емізетінін анықтау қажет (күмән туындаған жағдайда жүктілік тесттерін қолдануды ұсыныңыз және / немесе вакцинацияны кейінге қалдырыңыз).*

